

Хаттама

28.08.2023 жыл

№ 1

Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов
Хатшысы: Ж.Ж.Рахметова

Қатысқандар: 9(тоғыз) адам М.Тикеева, Г.Аяп, К.Көпжасар, Ш.Өтегенова, Ш.Жеңсікбаева, Ұ.Есмұрзаев, Б.Нысанбаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметіне комиссия мүшелерін тағайындау, асхана қызметінің жұмыстарын ұйымдастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Жаңа 2023-2024 оқу жылына сәттілік тілей отырып, жиналысты ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссияның атқаратын қызметімен таныстырды.

1. Ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
 - тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
 - өнімдерді өткізу мерзімдерін;
 - тамақ дайындау сапасын;
 - тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;
 - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.

2. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындайды.

3. Комиссия төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

Бракераждық комиссияның құрамы медицина қызметкерін, әкімшілік мүшелерін, өндіріс меңгерушісін, ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің өкілдерін міндетті түрде қоса отырып, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Бракераждық комиссия мүшелерінің саны кемінде 7 адамды, оның ішінде осы мектептің ата-аналар қауымдастығының ішінен кемінде 3 адамды құрауы тиіс. Комиссияның жекелеген мүшелерінің болмауы оның қызметіне кедергі болмайды.

Комиссия құрамын жыл сайын жаңарту ұсынылады.

1. Комиссия қызметінің циклограммасы.

Күн сайын медицина қызметкері немесе жауапты тұлға:

- тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Комиссия күн сайын:

- пайдаланылатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырады (тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттардың көшірмелері жеке папкада сақталады);
- мәзірдің дұрыс жасалуын бақылауды жүзеге асырады;

- тамақтану сапасының мониторингі әктісін ресімдей отырып, ас блогының қызметкерлеріне және (немесе) қызметті жеткізушіге алдын ала ескертусіз тамақтану сапасын тексеруді жүзеге асырады.

Токсан сайын комиссия жұмысының қорытындысы кейіннен олар білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қарала және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырыла отырып, ақпарат түрінде ресімделеді.

Әр жылдың мамыр, қаңтар айларында комиссия қызметінің қорытындысы жалпы ата-аналар жиналысында қаралады.

Бракераждық комиссия:

- негізгі өнімдерді салу кезінде мезгілімен қатысуы;
- тамақ өнімдерінің сапасын, олардың сапасын куәландыратын құжаттардың болуын бақылауды жүзеге асыруы (осы құжаттардың ксерокөшірмелері бракераждық комиссияның төрағасында сақталады);

- тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігін тексеруі;

- дайын тамақты органолептикалық бағалауды (оның түсін, иісін, дәмін, консистенциясын, қаттылығын, шырынын және т. б. анықтау) «Дайын өнімнің бракераж журналына» органолептикалық бағалау нәтижелерін енгізе отырып жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізуі, бағалауды комиссия мүшелерінің жеке қолдарымен растауы;

- бракераж жүргізу кезінде «Технологиялық карталарға» сәйкес тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындау технологиясы мен сапасына қойылатын талаптарды басшылыққа алуы;

- өз функцияларын арнайы берілетін таза киімде (халатта, комбинезонда, бас киімде, аяқ киімде және т. б.) жүзеге асыруы қажет.

Осы жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында кімнің қандай ұсынысы бар.

Сөз сөйлегендер:

М.Тикеева – директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
- Мемлекеттен қойылатын талаптарды басшылыққа алып, жүйелі жұмыс жоспарын құрып, бірігіп қызмет атқаруымыз қажет, бұл болашақ дені сау ұрпақ үшін қызметіміз болмақ. Мемлекеттік талаптарды орындау баршамызға міндет.

К.Көпжасар – ата -аналар комитетінің төрағасы;

- Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінің міндеттерін атқаруға келісемін. Асхана қызметіндегі жұмыстардың барлығы баланың дұрыс тамақтануы. Сол себепті талапқа сай жұмыстың жасалуына ықпал етуіміз керек. Комиссия құрамына кіруге келісімімді беремін.

Ш.Өтегенова – қамқоршылық кеңес мүшесі. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау міндетіміз деп білемін. Комиссия мүшесі болуға келісемін.

Ш.Женсікбаева - қамқоршылық кеңес мүшесі.

-Ата -ана ретінде тамақтану сапасының мониторингі комиссия құрамына енгуге келісемін. алдағы жыл бойы атқарылатын жұмыстарға сәттілік тілеймін.

Б.Нысанбаева - мектеп - лицей мейіркеші.

- Мектебіміздегі асхана қызметінің талапқа сай жұмыс жасауына кәсіпкердің ықпалы зор. Астың құнарлығы баланың денсаулығына зор көмегін тигізеді. Сондықтан барлықтарыңызды бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын. Мен комиссия мүшесі болуға келісімімді беремін.

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап, төмендегідей шешім қабылдады:

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізуге өз келісімдеріне сәйкес комиссия құрамы бекітілсін.

2. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және тамақтануға қойылатын міндеттерді орындау комиссия мүшелеріне міндеттелінсін.
3. Осы жұмыстардың орындалуын өз құзырымда қалдырамын.



Жиналыс төрағасы:

Б.А.Танирбергенев

Жиналыс хатшысы:

Ж.Ж.Рахметова

**«Ержігіт Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицейі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Хаттама

17.10.2023 жыл

№ 2

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов
Хатшысы: Ж.Ж.Рахметова

Қатысқандар: 8 (сегіз) адам М.Тикеева, Г.Аян, К.Көпжасар, Ш.Жеңсікбаева,
Ү.Есмұрзаев, А.Болатбек

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінде
санитарлық - эпидемиологиялық талаптардың орындалуы

ТЫҢДАЛДЫ:

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ас
блогындағы жұмыстың санитарлық - эпидемиологиялық талаптардың орындалу
жағдайымен таныстырды.

Комиссия мүшелерінің ай сайынғы екі реттік мониторинг жүргізу барысында ас
блогындағы жұмыстарға қойылатын талаптардың өз мерзімінде орындалу қажет екендігі
асхана қызметкерлеріне (Б.Пановаға) ескертіліп отырылды.

- Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасына қойылатын талаптар талапқа сай.
- Жинау мүқаммалы (легендер,шелектер,шүеректер)танбалануы және жеке арнайы
шкафта сақталуы керектігі ескертілді.
- Асхана ыдысының сынығы бар,деформацияланған, эмалі зақымдалған
ыдыстардың жоқ екендігі анықталды.
- Қоймалардағы тамақ өнімдерін сақтауда температуралық - ылғалдылық, азық -
түлік өнімдерінің әрбір түріне қойылатын қоймалау нормаларына сәйкес тауар
көршілестігі сақталған.

Күн сайын мектеп - лицей мейіркештері тағамдардың және аспаздық өнімдердің
сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың
сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Осы жұмыстарды жүргізілуде өздеріңіздің ұсыныстарыңызды айтсаңыздар.

Сөз сөйлегендер:

М.Тикеева – директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
- Ас блогындағы қызметтің жұмысы санитарлық - эпидемиологиялық талапты сақтай
отырып, жүргізілуде. Білім алушылардың ас мәзіріне сәйкес ас блогында тамақтануында
асхана қызметкерлері қойылатын талаптарға сәйкес, жұмыс жасап отырғандығы белгілі.
Бұл жұмыстың жыл бойы атқарылуына бірлесе жұмыс жүргізіледі.

К.Көпжасар – ата -аналар комитетінің төрағасы;

- Тамақтану сапасына мониторинг жүргізуде асхана қызметіндегі жұмыстардың
барлығы баланың дұрыс тамақтануы үшін жасалып жатыр. Ас блогы қызметкерлерінің
талапқа сай жұмыс жасауы талап етіледі.

Ш.Жеңісбаева - камкоршылық кеңес мүшесі.

- Тамақтану сапасында жұмыстар жүйелі түрде атқарылуы тиіс. Қазіргі таңда балалардың фастфуд өнімдерді көп қолданатындығы бәрімізге белгілі. Сондықтан ата -аналарға баланың дұрыс тамақтану рационын жасауға кеңестер беру керек деп есептеймін.

Б.Нысанбаева - мектеп - лицей мейіркеші.

- Мектебіміздегі асхана қызметінің талапқа сай жұмыс жасауына кәсіпкердің ықпалы зор. Астың құнарлығы баланың денсаулығына зор көмегін тигізеді. Күнделікті оқушылардың ас мәзірімен тамақтануы өз қадағалауымызда болады.

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап, төмендегідей шешім қабылдады:

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жұмыстарын жалғастыру комиссия мүшелеріне міндеттелінісін.
2. Осы жұмыстардың орындалуын өз құзырымда қалдырамын.



Төрағасы:

Б.А.Танирбергенов

Жиналыс хатшысы:

Ж.Ж.Рахметова

«Е. Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицейі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Хаттама

05.01.2024 жыл

№ 3

Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов
Хатшысы: Ж.Ж.Рахметова

Қатысқандар: 5(бес) адам: М.Тикеева, Г.Аяп, К.Көпжасар, Ш.Жеңсікбаева,
Б.Нысанбаева.(келісімімен)

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінде санитарлық - эпидемиологиялық талаптардың орындалуы және Қазалы аудандық білім бөлімнің 3.01.2024 жылғы қатынасын басшылыққа ала отырып,ас мәзірінің қыс - көктем,жаз - күз болып екі түрде қайта бекітілетіндігі туралы

ТЫНДАЛДЫ:

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ас блогындағы жұмыстың санитарлық - эпидемиологиялық талаптардың орындалу жағдайымен таныстырды.

Ас мәзірі - Қыс - көктем,жаз- күз болып екі түрде қайта бекітіледі. Ас мәзірінде берілетін тағамдар мен сусындарда өзгерістер бар. Ас мәзірінің қайта жасақталуына байланысты кәсіпкер Б.Пановаға таныстырылды. Ас мәзірінің талапқа сай берілуі керектігі ескертілді.

Өздеріңізбен ай сайынғы екі реттік мониторинг жүргізу барысында ас блогындағы жұмыстарға қойылатын талаптардың өз мерзімінде орындалу қажет екендігі асхана қызметкерлеріне (Б.Пановаға) ескертіп отырылу қажет. Беріліп жатқан тағам,шикі өнімдердің мерзімінде келуін қатаң бақылауда ұстауларыңыз қажет.

Осы жұмыстарды жүргізілуде өздеріңіздің ұсыныстарыңызды айтсаңыздар.

Сөз сөйлегендер:

М.Тикеева – директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары,комиссия мүшесі.
- Ас блогындағы қызметтің жұмысы санитарлық - эпидемиологиялық талапты сақтай отырып, жүргізілуде. Ас мәзірінің қайта жасалып келгендігін қарап шықтым. Балалардың жасына сай берілген. Сусындарда өзгерістер бар. Каркадэ сусынын балалар ішіп көрмегендіктен түсіндіру жұмыс жүргізілу қажет деп ойлаймын.

К.Көпжасар– ата -аналар комитетінің төрағасы;

- Ас блогы қызметкерлерінің талапқа сай жұмыс жасауы талап етіледі.Ас мәзіріндегі өзгерістер талапқа сай денсаулық сақтау мамандарының қатысуымен жасалса, ол баланың денсаулығына қауіпсіз деп ойлаймын.

Б.Нысанбаева - мектеп - лицей мейіркеші.(келісімімен)

- Мектебіміздегі асхана қызметінің талапқа сай жұмыс жасауына кәсіпкердің ықпалы зор. Астың құнарлығы баланың денсаулығына зор көмегін тигізеді. Ас мәзірінің қайта

жасалуында көп өзгерістер бар. Соус,каркадэ сусынын бұған дейін балаларға берілмеген. Бұл туралы балалар мен ата- аналарға түсіндіру жұмысы жүргізілу қажет.

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап,төмендегідей шешім қабылдады:

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жұмыстарын жалғастыру комиссия мүшелеріне міндеттелінсін.
2. Ас мәзірінің (қыс - көктем,жаз -күз) өзгеруіне байланысты қайта бекітілсін.
3. Каркадэ сусыны,соус тағамдары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізу директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары М.Тикеева,г.аяпқа міндеттелінсін.
4. Осы жұмыстардың орындалуын өз құзырымда қалдырамын.



Жиналыс төрағасы:

Б.А.Танирбергенов

Жиналыс хатшысы:

Ж.Ж.Рахметова

**«Е. Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицей»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Хаттама

04.05.2024 жыл

№ 4

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирберген
Хатшысы: Ж.Ж.Рахметова

Қатысқандар: 5 (бес) адам: М.Тикеева, Г.Аяп, К.Көпжасар, Ш.Жеңсікбаева, Б.Нысанбаева
(келісімімен)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінде санитарлық - эпидемиологиялық талаптардың орындалуы және ас мәзіріндегі «каркадэ сусынын» кептірілген жемістен дайындалған компотпен ауыстыру туралы

ТЫНДАЛДЫ:

Б.А.Танирберген — жиналыс төрағасы. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ас блогындағы жұмыстың санитарлық - эпидемиологиялық талаптардың орындалу жағдайы және «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі» КММ-і, Қызылорда облыстық білім басқармасының 29.04.2024 жылғы №03-03/2048 санды хатымен, облыстық санитарлық- эпидемиологиялық бақылау департаментінің 26.04.2024 жылғы №34-13/1926 санды хатына сәйкес ас мәзіріндегі «каркадэ сусынын» кепкен жемістен компотпен ауыстыру туралы түсіндірме жүргізді.

Ас мәзіріне (жаз - күз, қыс - көктем) үшінші тағамға «компот каркадэ» сусыны енгізілген. Аталмыш сусынды зерделеу барысында медициналық емге қолданатындығы анықталған. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларының 170 тармағына сәйкес, үшінші тағамға компот, кисель, шай, шырындар ғана енгізілген. Осыған орай Департамент аталған «каркадэ сусыны» емдік мақсатта пайдаланатын болғандықтан, ас мәзіріндегі «каркадэ сусынын» кептірілген жемістен дайындалған сусынмен (компот) ауыстыруға шешім қабылдады.

Осы шешімге сәйкес бекітілген ас мәзіріне «каркадэ сусынын» кептірілген жемістен дайындалған сусынмен (компот) ауыстырылғандығы туралы сіздерге ескертіп жатырмын.

Осы жұмыстарды жүргізілуде өздеріңіздің ұсыныстарыңызды айтсаңыздар.

Сөз сөйлегендер:

М.Тикеева — директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
- Ас блогындағы қызметтің жұмысы санитарлық - эпидемиологиялық талапты сақтай отырып, жүргізілуде. Білім алушылардың ас мәзіріне сәйкес ас блогында тамақтануында асхана қызметкерлері қойылатын талаптарға сәйкес, жұмыс жасап отырғандығы белгілі. Бұл жұмыстың жыл бойы атқарылуына бірлесе жұмыс жүргізіледі.

- Ас мәзіріне енгізілген өзгерістер туралы түсіндермеге келісемін.өйткені бұл сусынның емдік қасиеті болғандықтан бала жасына сәйкес келмейтіндігі анықталғандығы қуантады.

- Тамақтану сапасында ас мәзіріндегі өзгерістерге толықтай қосыламын. Жоғарыда аталған шешімде бала денсаулығына кері әсер ететін өнімдерге жол берілмеу қажет. Сонымен қатар ас мәзіріндегі соустың берілуінде қадағалау қажет деп ойлаймын.

- Мектебіміздегі асхана қызметінің талапқа сай жұмыс жасауына кәсіпкердің ықпалы зор. Астың құнарлығы баланың денсаулығына зор көмегін тигізеді. Ас мәзіріндегі каркадэ сусынының емдік сусын екендігі белгілі. Бұл өзгеріс дұрыс шешім.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жұмыстарын жалғастыру комиссия мүшелеріне міндеттелінсін.
2. Ас мәзіріндегі (жаз - күз, қыс - көктем) үшінші тағамға «компот каркадэ» сусынын кептірілген жемістен дайындалған сусынмен ауыстыру туралы өзгеріс енгізіп жазу Ж.Рахметова тапсырылсын.
3. Осы жұмыстардың орындалуын өз құзырымда қалдырамын.

иналыс төрағасы:

Жиналыс хатшысы:

Ж.Ж.Рахметова